

«Әкем, анам және мен - тату отбасымыз!» тақырыбындағы республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізілетін «Әкем, анам және мен - тату отбасымыз!» тақырыбындағы республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушыларды шығармашылық қызметке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау.

Міндеттері:

- балалар мен жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және жүзеге асыру;

- балалар мен жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

- балалар мен жастардың қиял және фантазиясын ашу;

- балалар мен жастардың көркемөнер қабілеттерін дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2017 жылғы 6 наурыздан 12 мамырға дейін mult.konkurs@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2017 жылға 12 мамырдан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2017 жылғы 24 мамырда www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарында жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(резидент).

БанкЦентрКредит АҚ
Иик KZ91856000005068448
БИК КСJBKZKX
БИН 990140004733
Кбе 16.
КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Әкем, анам және мен - тату отбасымыз!»
байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде
көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін **mult.konkurs@mail.ru** электронды поштасына
келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және
кәсіптік білім беру ұйымдарының 4-17 жас аралығындағы білім алушылары
қатысады.

Байқау келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі:

- 1) 4-6 жас;
- 2) 7-10 жас;
- 3) 11-14 жас;
- 4) 15-17 жас.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «**Менің жанұям**» - суреттер байқауы.

Суреттер түрлі материалдарда (ватман, картон, кенеп және тағы басқа)
және сурет салудың түрлі техникасын (май, акварель, тушь, түрлі-түсті
қарындаш, борлар және тағы басқа) пайдаланып орындалуы мүмкін.

Байқауға ұсынылатын жұмыстардың суреттері фотоға түсіріліп, JPEG
пішімінде электронды түрде бағытталуы тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) байқау тақырыбы мен номинациясына сәйкестігі;
- 2) жұмыстың сапасы мен орындалу шеберлігі;
- 3) идеяның түпнұсқалығы;
- 4) жұмыстың көркемдік дәрежесі;
- 5) шығармашылық деңгейінің автордың жасына сәйкестігі.

2. «**Әкем, анам және мен - тату отбасымыз!**» - коллаж байқауы.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

Байқауға коллаж түріндегі (А4 пішімінде) материалдар ұсынылады. Байқауға ұсынылатын жұмыстар оң сипатта болып, жанұялық дәстүрді, жаңалықтарды, жетістіктерді, сондай-ақ, өмірдің қызықты кезеңдерін сипаттауы керек. Коллаж компьютерлік графиканың көмегімен немесе келесі материалдарды пайдаланып жасалынуы мүмкін: түрлі-түсті қағаз, фотосуреттер, газет және журналдардан алынған кесінділер және тағы басқа.

Байқауға ұсынылатын жұмыстардың суреттері фотоға түсіріліп, JPEG пішімінде электронды түрде бағытталуы тиіс.

Байқау материалдарын бағалау өлшемдері:

- 1) байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;
- 2) түпнұсқалығы және өз бетімен орындалуы;
- 3) жұмыстың ашықтығы және мәнерлілігі;
- 4) жұмысты орындау сапасы;
- 5) ұқыпты орындалуы.

3. «Отбасы ағашы» - шешіре ағашы байқауы.

Байқауға сәндік-қолданбалы шеберліктің түрлі техникаларында орындалған жұмыстар ұсынылады: макет жасау бойынша (сіріңка талшықтары, қағаз, картон, тиын, ағаш және тағы басқа), бейнелеу өнері бойынша жұмыстар: (кескіндеме, графика, коллаж, батик, гобелен), қыш, тоқымашылық, шыбықтан тоқу, кесу, ағашқа жазу және тағы басқа.

Байқауға ұсынылатын жұмыстардың суреттері фотоға түсіріліп, JPEG пішімінде электронды түрде бағытталуы тиіс.

Зерттеу жүргізіп, А 4 пішімінде, 1 бет көлемінде жазылған қысқаша мазмұндамасын қоса тіркеу қажет.

11. Бағалау өлшемдері:

- 1) байқау тақырыбының көрсетілуі және байқау шарттарына сәйкестігі;
- 2) сәндік-қолданбалы шығармашылық саласындағы дағдылары мен шеберліктерін көрсетуі;
- 3) жұмыстың жоғары эстетикалық деңгейі;
- 4) материалдарды сәтті таңдауы;
- 5) қысқаша мазмұндамасының болуы.

12. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

13. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

- облысы, аудан (қала), ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау және номинациясының аталуы;
- автордың аты-жөні;
- қатысушының жасы;
- e-mail, байланыс құралдары;
- жеткешісінің аты-жөні.

14. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Әкем, анам және мен - бақытты отбасымыз!» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Әкем, анам және мен - бақытты отбасымыз!» байқауы → әрі қарай.